



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№11 (919) Сәрсенбі 19 наурыз 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## Наурыз келді ауылға нарға мініп

Наурыз келді ауылға нарға мініп,  
Қаңқылдап жүр аспанда қарға күліп.  
Жадырайды дүние жарқылдайды,  
Жақын келіп қалғандай алдағы үміт.

Қуанды балалар таң атқанға,  
Алғыс жолдап ағалар жаратқанға.  
Наурыз көже қолымен келіндердің,  
Құйылып жатыр ақ күміс табақтарға.

Қонақ күтіп әжелер құрақұшты,  
Тізбектеліп тырналар жырақ ұшты.  
Малдық бәрі бұл қыстан аман алып шықты,  
Сол үшін де қария қуанышты.

Жыл құстары жарысып жаңа келді,  
Келуімен қуанып тамам елді.  
Маужырайды сұлу күн мейіргеніп,  
Аялайды нұрымен бар әлемді.

Жылытады енді дүниені от ерінбей,  
Қайғы барын өтсе екен бота білмей.  
Алтаудың шығып ап шығына,  
Ұзақ тұрды наурыз күн көтерілмей.

Тұманбай Молдағалиев



## КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде креативті индустрияны дамыту, мәдениет саласын цифрландыру мәселелері қаралды.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына креативті индустрия субъектілерінің қатысуымен өткізілетін ірі шаралар, жаңа жобалар бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

«Креативті индустрия субъектілеріне талдау жүргізіп, олардың санын арттыру,

аудандардағы «Руханият орталықтарында» креативті хаб бұрыштарының жұмысын күшейту керек. Мемлекеттік архивтер мен мемлекеттік мекемелердің «Е-Архив» ақпараттық жүйесіндегі жұмысына ай сайын мониторинг жүргізіңіздер. Мекемелерге электрондық құжаттарды реттеп, архивке тапсыруға дайындау үшін әдістемелік, практикалық көмек көрсетіп, оқыту семинарларын

өткізіңіздер», – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ облыс әкімі жиында әскер қатарының толығы еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығының кепілі екенін атап өтіп, әскерге шақырылушылардың шақыру пункттеріне уақытылы және толық келуін қамтамасыз етуді тапсырды. «Жоспардың орындалуы қатаң бақыланып, әскерге барудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру, заңға сәйкес тиісті шара қабылдау керек», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

«Ел тілегі» ақпарат



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

## КЕЗЕКТЕН ТЫС XXXVI КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Жиынға «AMANAT» партиясының қалалық филиалының Төрағасы Ибадулла Құттықожасов, Саяси кеңес Бюросы, Саяси кеңес мүшелері, фракция мүшелері, БПУ делегаттары, жастар өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде Қосшыңырау ауылдық округінде өтетін ауыл әкімін сайлауға үміткер ұсыну мәселесі қаралды.

Партияның Қызылорда қалалық филиалының атынан аталмыш сайлауға үміткер ретінде кандидаттар ұсынылып, нәтижесінде Санақ комиссиясының қортындысымен белсенді партия мүшесі, Сейдуали Әбдікадіровтың кандидатурасы ұсынылды.

## 66 МЛН ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ АЙЫППҰЛ ӨНДІРІЛДІ

«Сергек» камералары орнатылғалы қызылордалықтардан 66 млн теңгеге жуық айыппұл өндірілді.

Өткен жылдың шілдесінен бері Қызылорда қаласында пилоттық режимдегі «Сергек» жобасы аясында 100 бейнебақылау камерасы, 10 стационарлық жылдамдық өлшеу қондырғысы орнатылған болатын.

– Соның көмегімен жол қозғалыс ережесін бұзудың 5241 дерегі анықталып, 66 млн теңгеге жуық айыппұл салынды. Халық арасында «камераларды айыппұл төлету үшін көптеп орнатып жатыр» дегендей әңгіме жүр. Шын мәнінде олай емес. Негізгі

мақсат – тұрған жеріміздің тазалығын қалағалау, қылмыстың алдын алу, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл – әлемдік тәжірибеде бар үрдіс. Қытайда орта есеппен 200 млн, Америка мен Еуропада 40-50 млн камера бар, – деді облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Сәбит Ибадулла.

Қазіргі күні облыс орталығында 272 бейнебақылау камерасы бар. Оның санын жыл соңына дейін 1400-ге жеткізу жоспарланып отыр



## ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ КЕЛБЕТІ

«Наурызнама» онкүндігі аясында 18 наурыз – Ұлттық киім күні ретінде белгіленді.

Осыған орай, Қызылорда қаласындағы Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінде Ұлттық киім күніне орай ата-аналар мен мектеп оқушыларының қатысуымен «Ұлттық киім - халық мұрасы» атты фестиваль өтті. Дүрия көйлек киінген, қыпша беліне күміс белдік түйінген, камшат бөрік басында, кара кас айдай киілген, сылдырмақ шолпы тағынған, қызыл камзол жамылған аналарымыз бен қыздарымыз, үкілі домбыра өнергер, күндіз бөрік, ер жүзіне өң берген, ата салттан аспаған, аталы сөзге тоқтаған, әрі батыр, әрі мәрт, қазақтың сері әкелері, аталары мен жігіттері, барлығы

20 отбасы қатысты. Бұл шарада отбасылар ұлттық киімге деген ерекше ықыластарын көрсетіп, креативті және көз тартатын үлгілерді ұсынды. Қазақтың бай мәдениетін дәріптеген киімдер көрермендерді тәнті етті.

Фестиваль қорытындысы бойынша отбасылар арасындағы ең ерекше әрі көркем ұлттық киім үлгілері үшін қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Бұл марапат олардың ұлттық мұраға деген құрметі мен шығармашылық талғамын жоғары бағалау мақсатында берілді. Шара көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ұлттық дәстүрлерді насихаттауға зор үлес қосты.



## СЫР ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ



Амал күнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесіндегі 60 пәтерлік тұрғын үйдің кілтін табыстады. Салтанатты рәсімге зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін Амал күнімен және алдағы Наурыз мейрамымен құттықтап, өңірдегі ауқымды жобаларға тоқталып өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен Бұрабайда Ұлттық құрылтай өтуде. Алқалы жиында құрылтайдың бесінші отырысын келер жылы Сыр елінде өткізу туралы шешім қабылданды. Бұл – біздің аймағымыз үшін тарихи сәт. Өйткені алты Алаштың астанасы болған, тоғыз жолдың торабында орналасқан өңіріміз ел болашағы үшін маңызды шешімдер қабылданатын орталыққа айналады. Оған қоса, бүгін көктемнің келгенін айқын сездіретін Амал күнінде, Наурыз мейрамы қарсаңында жаңа пәтер кілттері табысталуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты екенін атап өтті. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында бүгінде облысымыздың бюджеті 750 млрд теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, осыдан үш жылдай уақыт бұрын аймақ бюджеті 364 млрд теңге болатын. Өсім 206 пайызды құрады. Бұл қамқорлық қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды

іске асыруға жұмсалуда.

Мемлекеттің қолдауын сезініп, баспаналы болуға ниет еткен әрбір отбасы үшін бүгін айтулы күн! Баспаналы болу отбасын, әсіресе балаларды қуанышқа кенелтеді. Қоныс тойларыңыз құтты болсын! Шаңырақтарыңыз шаттыққа бөленіп, ішінен балалардың әсем күлкісі мен үлкендердің қуанышты үні естілсін! Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада ел ағаларына, жаңа тұрғын үйді салған құрылысшыларға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Қызылорда қаласы және Арал ауданының құрметті азаматы Имамдин Оңғарбаев батасын берді.

### Аудан жаңалықтары



### Құрметті Қызылорда қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 22 наурыз күні сағат 9:00-де Ұлыстың ұлы күнін бірге тойлауға шақырамыз! Өз-Наурызда Ә.Спанов көшесін бойлай киіз үйлер тігіліп, салт-дәстүрлерден көріністер мен арнайы көрмелер дайындалады. Елімізге танымал эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасы, түрлі сайыстар мен театрландырылған қойылымдар ұсынылады. Ырыс пен ынтымақтың, береке мен бірліктің жаршысына айналған Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын!

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Ә.Спанов көшесі (бұрынғы Тараз көшесі), Өнер орталығының маңы.

### ҰЛТТЫҚ КИІМ ШЕРУІ ӨТТІ

«Наурызана» тұжырымдамасының онкүндігі аясында 18 наурыз – Ұлттық киімдер күніне орай аудандық орталық алаңда ұлттық киімдер шеруі өтті.

Мерекелік шарада халқымыздың ұлттық киім үлгілері насихатталып, сән-салтанаты жарасқан ерекше көрініске айналды. Шеруді аудан өнерпаздары әсем әнмен ашып, кішкентай биші бүлдіршіндер ұлттық биімен әрледі. Олардың ізін ала кимешек киген әжелер мен шапан жамылған ақсақалдар жүрсе, ұлттық киімдегі қыз-жігіттер қазақтың бай мұрасын паш етті.

Бұл мерекелік шеру ата-бабамыздан қалған рухани мұраны жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды. Ұлттық киімдер күніне арналған шара аудан тұрғындарының ерекше қызығушылығын тудырып, ұлттық дәстүрге деген құрметін арттыра түсті.

Қармақшы ауданы

### КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Биыл Қазалы ауданындағы бір ғасырдан астам тарихы бар теміржол вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ғимарат қайта жаңғыртылудан өткізілмек. Сонымен қатар вокзал маңындағы теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпіріде қайта салынатын болады.

Қазіргі таңда вокзал маңындағы жаяу жүргіншілер көпірінің құрылыс жұмыстары басталып кетті. Осыған сәйкес Қазалы ауданының әкімі Мейрамбет Шермағанбет теміржол вокзалына барып, құрылыс жұмыстарымен айналысатын мердігер мекеменің басшыларымен кездесті.

Кездесуде аудан әкімі теміржол вокзалының сырт келбетіне, ондағы жолаушылар мен тұрғындарға жасалған жағдайға қарап өңір имиджі қалыптасатынын атап өтті. Сонымен қатар вокзал маңындағы көпір арқылы Әйтеке би кентінің теміржолдың арғы бетіндегі аймағына күніне 500-ден астам тұрғын қатынайтын жеткізді. Соған сәйкес, вокзал ғимаратын қайта жаңғыртумен көпір құрылысында тезірек, сапалы аяқтау керектігін айтып, бұл жұмыстарға әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетіндігін жеткізді.

Қазалы ауданы

Тарихи ғимаратты қайта жаңғыртуға «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 861,2 млн. теңге қаржы бөлінбек. Эскиздік жұмысқа сәйкес ғимараттың сыртқы бетіне травертин плиталарын монтаждау, шатырын ауыстыру, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустар орнату, брусчатка төсеу, ғимараттың есік-терезелерін толық ауыстыру, вокзал аумағын көгалдандыру жұмыстары жүргізілетін болады. Ал, вокзал маңындағы теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысына «Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан 1,3 млрд. теңге қаржы бөлініп, бүгінгі таңда көпірдің құрылыс жұмыстары басталды. Мердігер мекеме – «ҚазТеміржол Engineering» ЖШС. Ал, теміржол вокзалын қайта жаңғырту жұмыстары сәуір айында басталатын болады.

### «АЛТЫН ТОЙ» ИЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

«Наурызана» онкүндігіне орай Жалағаш ауданы Таң ауылында отау құрғандарына 50 жыл болған «Алтын той» иелеріне құрмет көрсетілді. Ақ некенің қадірін терең түсініп, жарты ғасыр бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен жарасымды жұптар Ердан Еспембетов пен Ақырыс Сүлейменова, Атымтай Нәсіұлы мен Мейрамқұл Тынымбаеваға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов аудан әкімінің құттықтауын жеткізді.



Салтанатты шараға облыстық Әйелдер кеңесінің төрайымы Райқұл Байназарова, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Кәрімова арнайы қатысып, облыс әкімінің орынбасары, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасы Шахмардан Баймановтың құттықтауын табыстады. Сонымен бірге, Қазақстанның Еңбек Ері, «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев «Алтын той» иелерін құттықтап, шапан жауып, сый-құрмет көрсетті.

Таң ауылында отбасы құндылығын сақтап, тамырын тереңге жіберген, жапырағын жайған өнегелі, іргелі әулеттер

жерлік. Отасқандарына 50 жыл болған Ердан Еспембетов пен Ақырыс Сүлейменова, Атымтай Нәсіұлы мен Мейрамқұл Тынымбаева бүгінде ұлды уяға, қызды қияға қондырып, немере, шөберелерінің арасында бақуатты ғұмыр кешіп отырған өнегелі әулет.

Мерекелік шара барысында Жалағаш аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Айжамал Ақбергенова 50 жыл отасқан жарасымды да үлгілі жұбайларға Алтын той неке куәлігін табыстады. Мерекелік шара арнайы Қызылорда қаласынан келген және аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Жалағаш ауданы

### АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУГЕ ШАҚЫРДЫ

Наурызнаманың 10 күндігі аясында бекітілген, 17 наурыз – «мәдениет және салт-дәстүр» күніне орай, Бала би ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен қазақы салт-дәстүрімізді өскелең ұрпаққа дәріптеу, мұра етіп қалдыру мақсатында «Салт-дәстүрім, атадан қалған қазынам» атты шара өтті

Шарада, көнеден кележатқан дәстүрлеріміз жайлы оқушыларға кеңінен сөз қозғап, атадан қалған асыл мұрамызды, көздің қарашығындай қорғауға, санадан өшірмей, насихаттауға шақырды.

Әрбір ұлттың тарихи өткені мен мәдениеті – оның болашағына негіз қалаушы маңызды факторлар. Қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен салт-дәстүрі – ұлттың рухани байлығының негізі екені сөзсіз.

Шиели ауданы



### ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Облыста көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны басталды. Биыл көктемде 900-ге жуық сырбайлық азамат Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары Жасұлан Шаңқұлов айтты.

– 1 наурыз бен 30 маусым аралығында 18-27 жастағы 900-ге жуық қызылордалық азамат еліміздің Қарулы күштері мен әскери құрылымдарында қызметтерін өтейді. Нақтырақ айтқанда, 120-ға жуық азамат ҚР ҰҚК Шекара қызметіне, 430 азамат ҚР Қарулы күштерінің қатарына, 270-і Ұлттық ұланға беру секторында жеңілдіктер қарастырылған, – деді Жасұлан Бөгенбайұлы.

министрлігіне жолданады.

Қазіргі таңда ҚР ҰҚК Шекара қызметіне аттандыру жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай, Қызылорда облысы бойынша 80-ге жуық азамат әскери борышын өтеуге жөнелтілді. Айта кету керек, сарбаздардың мерзімді қызмет кезінде несие мерзімін 1 жылға тоқтатуға және білім беру секторында жеңілдіктер қарастырылған, – деді Жасұлан Бөгенбайұлы.

### ҰРЫ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасына жергілікті тұрғын арызданып, белгісіз біреу үйінің ауласына заңсыз кіріп, есігі ашық тұрған көлігінің ішінен аккумулятор ұрлап кеткенін хабарлады.



Жедел-іздістіру шараларының нәтижесінде полиция қызметкерлері қылмыс жасады деген күдікпен облыс орталығының 19 жастағы тұрғынын ұстады. Күдікті ұрлаған зағты сатып, ақшасын өз бас пайдасына жаратқан. Тексеру барысында күдіктінің басқа да осы тектес қылмыстарға қатыстылығы анықталды. Ол 1 ай бойы қала орталығында автокөліктердің есігі ашықтығын пайдаланып, сонымен қатар дабыл орнатылмаған көліктерден магнитофон,

аккумулятор және тағы да басқа құнды заттарды ұрлап келген. Полициялар оның 10 ұрлық эпизодына қатыстылығын дәлелдеді. Ұрланған 5 аккумулятор, магнитофон және тағы да басқа көлік заттары сатып алушылардан, қалғаны күдіктінің үйінен тәркіленді. Жәбірленушілерге келтірілген залал шамамен 1 млн теңгені құрады.

Қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеп – тексеру әрекеттері жүргізілуде. Ұрлық қылмысына күдіктелген азамат уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды.

Қызылорда облысының полициялері өз мүліктеріңізге барынша сақ болыңыздар деп ескертті. Мүмкіндігінше аулаларыңызға бейнебақылау камераларын, ал көліктеріңізге дабылқалқыш орнатуға кеңес береді.

### МҮЛІКТІК ДАУ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Арал аудандық сотында талап қоюшы К. мен жауапкер У. арасындағы мүліктік дау партиятивтік рәсім (екі тарап адвокаттарының не заң консультанттары палатасының мүшелерінің жәрдемдесуімен дауды реттеу) тәртібімен реттелді. Талап қоюшы талабында, қазіргі уақытта жауапкермен бірге тұрмауына байланысты жауапкерден ортақ меншік болып табылатын тұрғын үйден үлесін өндіруді сұраған. Татуластырушы-судья тараптармен өңімелесу барысында заңнамадағы татуластыру рәсімдерінің тиімділігі мен салдарын түсіндіріп, татуластыру шараларын жүргізген. Нәтижесінде тараптар дауды партиятивтік рәсім тәртібінде реттеуге ниет білдірген.

Партиятивтік келісімнің шарттары бойынша, жауапкер талап қоюшымен өзара келісілген мөлшердегі соманың бір бөлігін қолма-қол беруге, қалғанын бөліп төлеуге міндеттенген, ал талап қоюшы келісім шарттарын қабылдап, талабынан бас тартқан. Партиятивтік келісімге талап қоюшының адвокаты мен жауапкердің сенімді өкілі қол қойып, сотқа бекіту үшін ұсынған. Азаматтық процесік кодексінің 277-бабының 6-тармақшасына сәйкес, сот, егер тараптар дауды партиятивтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасааса және оны сот бекітсе іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады. Осыған орай, сот ұйғарымымен дауды партиятивтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған.



Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 17 наурыздағы № 1536 қаулысы

## Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 11 наурыздағы № 04-06/486 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі мекенжайында орналасқан жалпы көлемі 2550,0 (екі мың бес жүз елу) шаршы метр жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті инновациялық шығармашылық орталығының санитарлық-қорғаныш аймағында орналасуына байланысты осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 19 маусым болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы « 17 » наурыздағы  
№ 1536 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-001-4560	«Турангаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	900,0	стационарлық жанар жағармай станциясы үшін	жеке меншік
2	10-156-001-5186	Абизов Тимур Калабаевич Абдибаева Галия Асилхановна	1650,0	ғимарат құрылысын салу және қызмет көрсету үшін	ортақ бірлескен меншік
Барлығы			2550,0		

Постановление акимата города Кызылорда  
№ 1536 от 17 марта 2025 года

## О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения Управление строительства, архитектуры и градостроительства Кызылординской области» № 04-06/486 от 11 марта 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием для государственных нужд у собственников или иных государственных землепользователей в связи размещением в санитарно-защитной зоне инновационного творческого центра, расположенные по улице Сұлтан Бейбарыс, города Кызылорда, общей площадью 2550,0 (две тысячи пятьсот пятьдесят) квадратных метров, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Датой принудительного отчуждения определить 19 июня 2025 года.

3. Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Приложение к постановлению  
акимата города Кызылорда  
от « 17 » марта 2025 года № 1536

№	Кадастровый номер земельного участка	Ф.И.О. собственника или землепользователя	Площадь, квадратный метр	Целевое назначение	Вид права
1	10-156-001-4560	Товарищество с ограниченной ответственностью «Турангаз»	900,0	для стационарной АЗС	частная собственность
2	10-156-001-5186	Абизов Тимур Калабаевич Абдибаева Галия Асилхановна	1650,0	для строительства и обслуживания здания	общая совместная собственность
Всего			2550,0		

## Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Қауіпті өндірістік объектілер үшін, оның ішінде құрылыс алаңдарындағы құрылыс крандарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №359 бұйрығымен бекітілген «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидаларына және басқада нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік - физикалық және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – қауіпті объектілердегі оқиғалар мен авариялардың алдын алу және болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті мамандардың болуы да ықпал етеді. Қауіпті өндірістік объектіні сараптаудан өткізу және қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіздігін декларациялау өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарының бірі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы объектінің белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігін тексеру және растау үшін жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі – басқарушылық шешімдердің, нормалар мен рәсімдердің құрылымданған жиынтығы, солар арқылы тәуекелдерді болдырмау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау қызметі жүзеге асырылып, дамиды. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі қауіпсіздіктің техникалық және ұйымдық қамтамасыз етілуін қамтиды және функционалдық деңгейде нақты жағдайларда жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын сақтағанда құрал-жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты өндірістік бақылау жүргізу қауіпті өндірістік объектілері бар әрбір ұйымның негізгі бағыты. Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, сондай-ақ

жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне әсер ететін жағдайларды және бұзушылық себептерін айқындау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау міндеттері болып табылады.

Өткен 2022 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құрылыс алаңдарында құрылыс крандарының құлауына байланысты оқиғалар жиі орын алғандығы белгілі. Осы орын алып отырған авариялар құрылыс алаңдарында крандармен жұмыс істеу барысында, яғни құрылыс барысына қажет ететін материалдарды тиіп-түсіру кезінде крандардың құлауы салдарынан орын алған. Бұл дегеніміз жұмыс істеу барысында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтамау, қауіпті техникалық құрылғылардың моральдық және физикалық тозуы, жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың теориялық және практикалық білімдерінің жетілдірілуінен және басшылық тарапынан бақылаудың болмауы, жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауынан туындайтын мәселелер болып табылады.

Осындай орын алып отырған авариялардың алдын алу және болдырмау мақсатында, «Елдің құрылыс объектілерінде өндірістік жаракаттанудың алдын алу және жүк көтергіш механизмдерінің (мұнара крандары) операторларымен байланысты өлім жағдайларын азайту жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы» бекітілді. Осы аталған Жол картасында көрсетілген мерзімдерде ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен тиісті іс-шаралар жүргізілуде. Сонымен қатар қауіпті техникалық құрылғылардың, яғни жүк көтергіш механизмдердің иелері және жүк көтергіш механизмдерді жалға алып пайдаланушы ұйымдардың басшылары құрылыс алаңдарында және басқада өндіріс алаңдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңын, «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік ету қағидаларын» және т.б. қолданыстағы заңдықтарды басшылыққа ала отырып, мынадай іс-шараларды тұрақты түрде жүзеге асырып отыру қажет:

- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің техникалық жағдайына бақылауды күшейту;
- құрылыс объектілеріндегі жүк көтергіш механизмдерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу;
- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің нормативтік қызмет ету мерзімінің өтуіне байланысты экспертиза жүргізуді қатаң бақылауға алу;
- жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың практикалық және теориялық білімдерін үнемі жетілдіріп отыру;
- ұйымдағы қауіпті өндірістік нысандардағы технологиялық тоқтап қалуды, апаттық жағдайдың алдын алу, қабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою;
- ұйым еңбеккерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі бойынша дайындалған өткізуді ұйымдастыру;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсартуға және үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға келтіретін зияндарды болдырмауға бағытталған шараларды әзірлеу;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында авариялар, қақтығыстар, технологиялық іркілістерді алдын ала ескертуге және оларды оқшаулау мен жоюға бағытталған жұмыстардың координациясы;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында қолданылатын тәжірибелер өткізуге, техникалық қондырғылар, энергетикалық жабдықтар, жөндеу және өлшеу бақылау құралдарына уақытылы бақылау;
- технологиялық тәртіпті сақтауды үнемі бақылауда ұстау және т.б.

Осы аталған талаптарды өндірістік қауіпсіздік объектілері бар кез-келген ұйым уақытылы орындап, бақылауда ұстап отырса кез-келген уақытта оқиға оқиғалар мен авариялардың алдын алуға, сонымен қатар ең біріншіден адам өмірін сақтап қалуға зор ықпалын тигізген болар еді.

Д.СҰЛТАН,  
Қызылорда облысының  
ТЖД ӨҚБ бас маманы

2025 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
Дауылкөл ауылдық округі әкімінің

## Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың II - тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Зайыров Сабырхан Дүйсенбайұлы	Ауыл әкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Тұрмағамбет ауылы, Елшіяз сал көшесі, 57 үй	2-50-06
Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-50-06					

2025 жылғы « 19 » 03 \_\_\_\_\_ № 18 \_\_\_\_\_  
Ақжар ауылдық округі әкімінің

## Ақжар ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың II- тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					

## ГОНКОНГТАН КЕЛГЕН ҒАЛЫМДАР ӨЗ ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушы құрамы екі бірдей ауқымды біліктілікті арттыру курсына қатысып, заманауи ғылыми зерттеу әдістерін меңгерді. Қатысушылар білім беру психологиясындағы соңғы трендтермен танысты.

Аптаға созылған біліктілікті арттыру курсының қорытынды жиынына Басқарма төрағасы-Ректор Бейбітқұл Каримова, Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Дана Абдрашева және оқытушылар қатысты. Курстың мақсаты – тек теориялық біліммен шектелмей, қатысушыларға практикалық дағдыларды жетілдіруге, жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды зерттеуге, ғылыми мақалаларды халықаралық журналдарға жариялауға қажетті білім алуға мүмкіндік беру.

Dr. Ju Seong Lee өткізген «Modelling students motivation via Digital English communication» курсы оқытушыларды цифрлық оқыту контекстіндегі студенттердің мотивациясын түсінуге бағыттады. Курста ішкі және сыртқы мотивация, желілік ортадағы мотивациялық факторлар, тартымды онлайн контент әзірлеу, цифрлық ортада

бағалау және кері байланыс беру әдістері талқыланды. Қатысушылар Book Creator, Bitly, AskSmile, NotebookLM, Taguette, Jamovi секілді заманауи қосымшалармен жұмыс жасап, IMRaD форматында ғылыми мақалалар жазу, деректер жинау және қолтау әдістерін меңгерді.

Ал Dr. Norman B. Mendozаның «Білім беру психологиясы: оқыту және зерттеу» курсы аясында қатысушылар білім беру психологиясының негізгі теорияларын жан-жақты қарастырып, олардың оқу үдерісіне қалай әсер ететінін талдады. Сонымен қатар, қатысушылар веб-сайтқа кіріспе жазу, мұқабаларды жүктеп, сапалы зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу, кестелер мен диаграммаларды қолтау, ғылыми мақалаларды түзету және өңдеу әдістерін үйренді. Жеке кеңестер барысында профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар және докторанттар ғылыми жобаны дұрыс әзірлеу, халықаралық журналдарды таңдау, зерттеу сұрақтарын нақтылау және зерттеу методологиясын жетілдіру бойынша құнды кеңестер алды.

Жиын соңында курсқа қатысқан профессор-оқытушылар құрамына сертификаттар табысталды.

## ТАЛ ОТЫРҒЫЗУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Наурызнама онкүндігінің Жаңару күнінде, Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің өкілдері тал егу акциясына қатысты.

Ұлттық киім мен ақ кимешек киген аналар Батырхан Шүкенов атындағы саябақта Ұлыстың ұлы күнімен барша қауымды құттықтап, аналық жүрекпен ақ тілектерін арнады.

– Наурыз мерекесі әр үйге бақыт пен береке әкелсін! Береке мен ынтымақта ғұмыр кеңейік, – деп жастарға жүрек-жарды тілектері мен баталарын берді. Әр тал – жаңа өмірдің бастауы, ал аналар – жаңа үміт пен болашақтың кепілі. Бұл іс-шара Жаңару мен жаңғырудың символы ретінде жүректерге жылулық сыйлады.





## 22 НАУРЫЗ ТУРАЛЫ 22 ДЕРЕК

22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Соған орай, Наурыз мейрамына қатысты 22 түрлі қызықты дерекпен таныса отырыңыз.

- Наурыз мерекесі - әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы тойланып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді.
- Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас - Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал деген.

- Наурыздың дәстүрлі тағамы - «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты әдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады. Өзбекстанда «Сумалақ» - наурыз көжеге ұқсас тағам дәстүрлі болып саналады. Ол да жеті азықтық заттан әзірленеді.

- Наурыз мерекесі 18 ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі.

- Наурызды тойлау тарихы Ұлы Абай өзінің «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибия», «сұзған» деп аталатын көне заманына ұштастырады. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшырағанымен, сол мағынада көп халықтың тілінде сақталып қалған. Ол орысша нов (ай), немісше ноие, латынша нео.

- Осылайша «нау» сөзі үнді-еуропалық халықтар дараланудан да бұрын пайдаланылған.

- Наурыз мейрамы - діни мереке емес. Бұл - қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көрікпен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген.

- 2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес, 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді.

- Ал 2009 жылдың 30 қыркүйегінде UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

- Наурыз - көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болумен бірге, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған өнегелі, өнерлі азамат тәрбелейтін ұлттық мейрамымыз.

- Ұлы ғұламалар Әбу Райхан Бируни, Омар Хайям тәрізді әлем таныған тарихи тұлғалардың еңбектеріндегі Шығыс халықтарының Наурыз мейрамын қалай тойлағаны туралы деректерге назар аударсақ, парсы тілдес халықтардың Наурызды бірнеше күн тойлаған. Яғни, олар Наурыз күндерінде мынадай салт-дәстүр, ырымдар жасаған: Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжаған. Жеті, ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалық» ұсынған. Ескі киімдерін тастаған. Ескірген шыны аяқты сындырған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою - «күн символы» салған. Үйлеріндегі тіреу, ағашқа гүл інген. Жамбы ату тәрізді түрлі жарыстар өткізген. Бұл күні кәрі-жас маз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан, араздаспаған.

- Наурыз мейрамына байланысты мынадай атаулар бар: Наурыз күні, Наурыз айы, Наурызана, Наурызкөже, Наурыз тойы, Наурыз жыры, Наурыз жұмбақ, Наурыз бата, Наурыз тілек, Наурыз төл, Наурызжөк, Наурыз есім, Наурыз шешек, Наурызша, Өз, Қыдыр, Саумалық, Мұхаррам (тыйым), Самарканның көк тасы.

- Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Наурыздың нақты тарихы тереңде жатыр, ол өзінің бастауын мұсылмандыққа дейінгі заманнан алады. Кейбір ғалымдар бұны зороастризм мен шаманизм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр.

- Атырау және Маңғыстау облыстарында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталып, «Амал» деп аталады, осы мейрамның дәстүрлі элементі - «Көрісу». Бұл күні адамдар қол алысып қауышады. Сонымен бірге, барлығы «Жаңа жыл құтты болсын!» деп амандасады.

- 1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Көп жылдар бойы ұмытылып, сынын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты.

- Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген

мәртебе берді.

- Наурыз Қазақстанда ғана тойланбайды. Жакын шетелдің елдері (Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ресей) Наурыз мерекесін қарсы алады! Ауғанстан, Иран секілді алыс шет елдері мерекенің келуін тағатсыздана күтеді.

- Бұрын Наурыз мейрамын тойлау таң атуды қарсы алудан басталды. Бұл ежелгі ғұрыптардың біріне «Бұлақ көрсен, көзін аш!» деген мәтелге байланысты болды.

- Наурыздың алғашқы күндерінің бірінде қазақ халқының наным бойынша жердің бетінде ерекше бір гуіл жүреді. Білетін адамдар мұны жұмақтан шыққан қойлар бірінші болып сезеді, оларды баққан қойшы да байқайды дейді. Мұндай күні бүкіл табиғат, жан-жануарлар, адамдар жандана түседі. Бұл күні шаш алуға, тырнақ алуға болмайды, әйтпесе сал болып қаласың дейді. Айналадағы жан иесінің бәрі «әзден» кейін ғана ерекше күш-қуатқа ие болады. Халықта мынадай қанағатты сөз бар: «әз болмай, маз болма».

- Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдануға ие болып келеді. Шығыс елдерінің (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Хамал - Токты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Токты шоқжұлдызы туады.

- Наурыздың мағынасы - наурыз парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие. Ол күнтізбелік жылдың үшінші айы (31 тәулік), көктемнің басы. Қазақтар бұл мейрамды Өз-Наурыз мейрамы деп те атайды.

- Шығыс жыл санағы бойынша, мереке ирандықтардың жаңа жылы Наврузбен жанасады. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Тәжік халқы бұл мерекені «Бәйшешек», «Гүлгардон» не «Гүлнаруз», татарлар «Нардуган», бирмалықтар «Су мейрамы», хорезмдіктер «Наусардж», буряттар «Сагаан сара», армяндар «Навасарди», чуваштар «Норис ояже» деп атаған.

- Мереке күні қар жауып тұру жақсы ырым деп саналған. Бізге жеткен қазақ аңыздарында қыздың сұлулығы Наурыздың ақ қарына теңестіріледі. Бұл таңғажайып жәйт емес, өйткені наурыздың қар әдетте жұмсақ, ерекше аппақ болады.

- Наурыз айы туғанда өтетін «Көрісу» бір күнмен шектелетін мереке емес, ол наурыздың 14-інен басталып, айдың соңына дейін жалғаса береді.

«Астана ақшамы» газетінен алынды

## Көктемдегі дәстүрлер

### Қазақта

Қыстың қаһары қайтып, күн жылына бастаған мезгілдің өзі қазақ үшін мереке. Көктем шығып, жер бусанып, жаңа тыныс ашылғанда ата-бабаларымыз әртүрлі салт-дәстүрлерді, ырым-тыйымдарды қолға алған.

Көктемнің басында орындалатын дәстүрдің бірі – «Қап қағар» деп аталады. Немесе «ет қайтар» деп қыстан қалған соғымның соңғысын асып жейтін, көрші-көлемді шақырып, сол асты бөлісіп жейтін әдет болған. Әдетте қыс аяқталып, көктем басталғанда ет сүрленіп, азая бастайды. Сол аз етті қаптан алып, асады, яғни бұл «ет азайды» деген ұғымды білдіреді. Бұл жерден қолындағы соңғы асы болса да бөлісіп жейтін қазақтың дархандығын көреміз. Бұл әрине туыстықты, бауырмалдылықты, мейірімділікті арттыратын дәстүр.

Мұнан соң қолданыста болған тағы бір дүние – «Шөміш қағу» ырымы. Бұл ырым күн жылына бастаған сәуір айларында жасалынады. Сол кезде жиі жаңбыр жауып, көкте найзағай ойнайды. Мұндайда ел-жұрт еңсе көтеріп, жадырай серпілісіп «Күн күркіреді, көк дүркіреді» десіп жатады. Осыған орай жасалатын ырымды «шөміш қағу» деп атаған. Үйдің босағасына, мандайшасына, табалдырығына шөмішті тигізіп: «Құдайым, жарылқа! Береке мол болсын! Ынтымақ артсын. Адалдық болсын, амандық болсын. Бірлық көп болсын, уайым жоқ болсын» десіп игі тілегін айтқан.

Сондай-ақ ел арасында «Жетпіс тас» ырымы бар. Ол қуаңшылықта жаңбыр тілеп өзенге тас лақтыру ырымы. Ертеде қасиетті жұма күні жаңбырды шақыру мақсатында өзен, көлдердің жанында қой сойылып, тасаттық беріледі. Сол кезде молда Құран

аяттарын оқиды, оқылған әр аяттан кейін балалар суға бір тастан лақтырып отырады. Лақтырылған тастардың саны жетпіс болуы – міндетті шарт.

Тірілігі төрт түлікпен тығыз байланысқан халқымыздың тағы бір көктемдегі ісі – төлдету. Бұл саулық қойдың көктемдегі жаппай төлдеуі мен қозы аяқтандыру науқанына қатысты айтылатын ұғым. Бұл науқаны еліміздегі аймақтардың климаттық жағдайына байланысты наурыз айына басталып, мамыр айына дейін созылады.

Сонымен қатар, көктемде халқымыз Наурызға қарсы үй ішін, қора-қопсысын, ауыл-аймақты тазалаған. Өздерін де ретке келтіріп, шашын алып, жаңа киім киген. Онымен қатар, рух тазалығына да мән беріп, қарызын өтеп, жасаған күнәлары үшін кешірім тілеп, тәубесіне келетін болған. Ел арасында бұл мерекеге қатысты мынадай сенімдер де кездеседі. Мәселен, Наурыз мерекесінде қар жауса, ол жылдың берекелі, ырысты, құтты болатынын аңғартқан. Бұл күні жауған қарға түскен құмалақ батып кетсе, көктемнің ерте келерін, батпай бетінде жатса, көктемнің қырық күн кеш келетінін білдіреді. Көктемде алғаш найзағай ойнағанда, бақыт пен ақ мол болсын деп ырымдап үй іргесіне сүт құйған. Сондай-ақ қазақ ұғымында көктемгі уақытта ашық аспан астында ұйықтауға болмайды. Көктем – қыс пен жаздың, суық пен ыстықтың арасындағы шекара.

Сондықтан далада түнеген адамның бет-аузы қисайып, жан ауруына душар болады деп сенген. Отардағы түлікке салқын тиіп, ауыруы мүмкін деген сеніммен көктем уақытында малшы далаға жалаң бас, жалаң аяқ шықпаған.

### Өзге елдерде

Көктем – жаңа өмірдің және бүкіл табиғаттың ұзақ ұйқыдан оянуының символы. Сондықтан адамзат оны құрметтеп, көктем келуімен жер бетінде тек қар ғана емес, барлық бақытсыздық пен ауру міндетті түрде жойылады деп сенген. Әрбір елдің көктемнің келуін өзгеше атап өтетін ерекше дәстүрлері бар. Солардың бірнешеуіне тоқталсақ.

Қытайлықтар көктемді күтуге ең шыдамсыз халық болып шықты. Қытай халқы 21 қаңтардан 21 ақпанға дейінгі күндерде тойланатын Қытай Жаңа жылы көктемнің келуімен байланысты атап өтеді. Көктем мерекесі – Аспан империясындағы ең маңызды мереке. Дәл осы күні қытайлықтар табиғаттың оянағанына және жаңа жылдық циклдің басталғанына қуанады.

Groundhog day мерекесін тойлайтын америкалықтар мен канадалықтар да көктемді ерте қарсы алатындар қатарында. Қыс әлі кетпей тұрған 2 ақпанда олар ауқымды мерекелер ұйымдастырып, көктемнің қашан келетінін есептейді. Ал Үндістанда көктемді шын мәнінде сиқырлы түрде тойлайды. 19 наурыз шамасында атап өтетін «Холи» елдегі ең маңызды мерекелердің бірі болып табылады. Осы уақытта нағыз бұқаралық мерекелер өтеді.

Наурыздың бірінші күнінен сәуірдің соңына дейін Жапонияның күншығыс елі «ханамии», яғни сакураны тамашалау мерекесін өткізеді. Жапонияның түпкір-түпкірінде жүздеген ағаштар бозғылт, алқызыл гүлдермен көмкеріледі. Дәстүр бойынша жапондықтар туыстарымен, достарымен табиғат аясына шығып, шие ағаштарының түбінде отырып, сұлулыққа тамсанып, әңгімелеседі. Мереке құрметіне барлық жерде фестивальдер мен салтанатты шаралар өтеді.

Гректер Масленица мерекесі үшін үш апта бөледі.

Көктемді қарсы алуға мұқият дайындалып, үйлерін гүлдермен, гүл

шоқтарымен және түрлі-түсті шамдармен безендіреді. Көшелерде мерекелік шаралар мен карнавал шерулері жалғасады. Мерекенің басты белгісі – ағаш таяғы. Гректер құймақтарды қатты жақсы көреді, бірақ оларда ет көп. Олар оны үш апта бойы әртүрлі формада жейді. Ал мерекенің соңғы күндері «Циклопемти бейсенбісінде» көшелер жабылып көңіл көтеруге толады. Барлығы «Қош бол, ет!» деп қуырлықан цинкизо доньз етін жейді.

Мексикада осы күнге дейін көптеген мәдениеттердің пұтқа табынушылық өткенінен бастау алатын салт-жора тойланады. Наурыздың 20-сы мен 21-і аралығында күн мен түн теңеледі, Күн өз сәулелерімен екі жарты шарды да жарықтандырады. Көптеген туристер Чичен Ицадағы әсерлі жарықты көруді күтеді – қауырсынды жылан жерге түседі. Күн сәулесі пирамиданың тас баспалдақтарымен жылжып келе жатқандай жылдан бейнесіне ұқсас көлеңке түсіреді. Сонымен қатар, дәстүрлі билердің қойылымын, түрлі-түсті мерекелер мен театрландырылған көріністерді көру бақыты бұйырлады. Мексикалықтардың егер сіз көктемнің келуін білдіретін осы мерекені пирамидалардың басында тойласаныз, сіз жыл бойына оң энергия зарядын аласыз деген нық сенімі бар.

Испанияның ең танымал көктемгі мерекелерінің бірі – Фаллас. Ол жанана түрде күндізгі сағаттың ұлғаюымен байланысты және Әулие Джозефке арналған. Фаллас Бүкіл Испанияда тойланады, бірақ Валенсияда ерекше атап өтеледі. Бұл мерекені от фестивалі деп те атайды. Барлық жерде отшашулар атылып, петардалар жарылады, ал финалда фалалар деп аталатын алып қуыршақтар өртенеді. Қуыршақтар көбінесе адамзаттың, саясаткерлердің, ертегі кейіпкерлерінің кейбір кемшіліктерін бейнелейді, олардың өлшемі 20 метрге жетеді.

## ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ШЕРУІ

Наурызана онкүндігінің аясында 18 наурыз – Ұлттық киім күніне арналған «Ұлттық нақыш – болмысымыздың айнасы» атты қазақтың ұлттық киімін насихаттауды мақсат еткен флешмоб өтті. «Атау City Mall» сауда орталығында ұйымдастырылған флешмобта қатысушылар ұлттық киімнің түр-түрін киініп келіп, халықтың дәстүрі мен мәдениетін ұлықтады.

Әрбір деталь, әрбір өрнек – біздің болмысымыздың айнасы. Аталған игі шара жастарды қазақтың мәдени құндылықтарын сақтауға және насихаттауға бағытталған. Ұлттық киімді ұлықтаған өнерпаздар мен жастар көпшіліктің қошеметіне ие болды.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор  
Егиншибаева Анар  
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Көримов**

**Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPU00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 - ғр, 19.10.2007 ж

**Редакцияның  
мекен-жайы:  
Тоқмағанбетов  
көшесі 36 а,  
1 қабат 4 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана  
Индекс 66503  
Тапсырыс №58**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
https://ret-gazeta.kz/**